# Мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарын бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің 2007 жылғы 27 қарашадағы N 251 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 13 желтоқсандағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5034 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2010 жылғы 26 қаңтардағы № 32 Бұйрығымен

Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2010.01.26 № 32 Бұйрығымен.

Қолданушылардың назарына!!!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз.

"Әкімшілік рәсімдер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-1-бабын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса берілген мемлекеттік қызмет көрсету стандарттары бекітілсін:

1) "Шағын өлшемді кемелерді басқару құқығына куәлік беру";

2) "Өзен кемелерін және оларға құқықты Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеу";

3) "Өзен кемелерін жалға алынған шетел кемелерінің тізілімінде мемлекеттік тіркеу";

4) "Шағын өлшемді кемелерді мемлекеттік тіркеу";

5) "Темір жол жылжымалы құрамын тіркеу";

6) "Темір жол жылжымалы құрам кепілін тіркеу".

2. Көліктік бақылау комитеті, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көліктік бақылау комитетінің облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша аумақтық органдарының бастықтары жоғарыда көрсетілген аумақтық органдардың қызметкерлерін осы бұйрықпен таныстыруды ұйымдастырсын және оның мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көліктік бақылау комитеті осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне тіркеу үшін жіберсін және оны мемлекеттік тіркеуден кейін ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация вице-министрі Д.Қ. Көтербековке жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министрдің міндетін атқарушы*

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация
министрі міндетін атқарушының
2007 жылғы 27 қарашадағы
N 251 бұйрығымен бекітілген

## "Шағын өлшемді кемелерді басқару құқығына куәлік беру" мемлекеттік қызмет көрсетудің СТАНДАРТЫ 1. Жалпы ережелер

1. Осы стандарт шағын өлшемді кемелерді басқару құқығына куәлік беру жөніндегі мемлекеттік қызмет көрсету (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет) тәртібін белгілейді.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабының , "Қазақстан Республикасы су қоймаларында шағын өлшемді кемелердің жүзу қауіпсіздігін белгілейтін құжаттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 1998 жылғы 10 тамыздағы (Мемлекеттік тіркеу тізілімінде 1998 жылғы 13 қазанда N 618 нөмірмен тіркелген) N 172 бұйрығымен бекітілген Кеме жүргізушілерді шағын өлшемді кемелерді жүргізу құқығына аттестаттау бойынша нұсқаулықтың негізінде жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Көліктік бақылау комитетінің облыстар, Астана, Алматы қалалары бойынша аумақтық органдары (бұдан әрі - КББ) көрсетеді (осы стандартқа 1-қосымша).

5. Мемлекеттік қызмет көрсетуді аяқтау нысаны шағын өлшемді кемелерді басқару құқығына куәлік беру болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ тұлғаларға (бұдан әрі - өтініш берушілерге) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет аттестаттау экзаменін жақсы тапсырған сәттен бастап 10 күн мерзімде ұсынылады.

Шағын өлшемді кемелерді басқару құқығына куәлік алған кезде кезек күтуге рұқсат етілген ең ұзақ уақыт: 30 минуттан артық емес.

8. Мемлекеттік қызмет ақысыз болып табылады.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және қажетті құжаттар туралы толық ақпарат, сондай-ақ, оларды толтыру үлгілері электрондық үкіметтің порталында http://www.e.gov.kz/, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің мына адрес бойынша http://www.mtk.gov.kz/ веб-сайтында, ақпараттың ресми көздерінде, КББ-ның ғимараттарында орналасқан стендтерде, үлгілері бар ақпараттық тақталарда орналастырылады.

10. КББ жұмыс кестесі түскі ас үзілісін қоса алғанда бес күндік жұмыс аптасынан тұрады. Қабылдау алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз кезектілік тәртібімен жүзеге асырылады. Экзаменді экстернмен қабылдау туралы мәселені шешу кезінде белгіленген құжаттарға КББ бастығының атына ұсыныс ресімделеді.

11. Мемлекеттік қызметті ұсыну КББ ғимараттарында жүзеге асырылады, онда қажетті құжаттардың тізбесі және оларды толтыру үлгілері, нормативтік құқықтық актілердің қиындылары (үзінділері) бар стендтермен жарақтандырылған күтуге және құжаттарды толтыруға арналған орындар бар.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

12. Мемлекеттік қызмет көрсетілу үшін өтініш беруші мыналарды ұсынады:

1) Кеме жүргізушілерді әзірлеуді жүзеге асыратын оқу ұйымдары беретін әуескер - кемежүргізушілерді әзірлеу курстарын аяқтауы туралы анықтама;

2) кеме жүргізушінің жеке карточкасын КББ береді;

3) өтініш берушінің тұрғылықты мекен-жайы бойынша денсаулық қорғау мекемесі беретін медициналық анықтама (N 086 нысанындағы);

4) 3х4 өлшемді 3 сурет.

Шағын өлшемді кемелерді басқару құқығына куәлік беру аттестаттау экзаменін жақсы тапсырғаннан кейін экзамендік комиссия шешімінің негізінде жүзеге асырылады.

13. Белгіленген үлгідегі кеме жүргізушінің жеке карточкасының нысанын КББ қызметкері береді.

14. Осы стандарттың 12-тармағында көрсетілген құжаттар ККБ-ның экзамендік комиссиясына ұсынылады.

15. Осы стандарттың 12-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынған өтінушіге экзамендік парақ беріледі.

16. Шағын өлшемді кемені басқару құқығын беретін куәлік кеме иесіне шағын өлшемді кемелерді басқару құқығын беретін куәліктерді беру журналына жеке қолын қою арқылы беріледі.

17. Осы стандарттың 12-тармағында көрсетілген құжаттарды өтініш берушінің ұсынбауы мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұрудың негізі болып табылады.

Шағын өлшемді кемелерді басқару құқығына экзаменді тапсыра алмау мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартудың негізі болып табылады.

## 3. Жұмыс қағидаттары

18. КББ-ның қызметі адамның конституциялық құқықтарының, қызметтік борышын атқаруда заңдылықтың, мемлекеттік қызметкерлердің Ар-намыс кодексінің сақталуына негізделеді және сыпайылық, көрсетілетін толық ақпарат ұсыну, оның сақталуын, қорғалуын және құпиялылығын қамтамасыз ету қағидаттары бойынша жүзеге асырылады.

## 4. Жұмыс нәтижелері

19. КББ-ның жұмыс нәтижелері осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес сапа және қол жетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

20. Мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік органның, мекеменің немесе өзге де субъектілердің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтердің сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәнін жыл сайын арнайы құрылған жұмыс топтары бекітеді.

## 5. Шағымдану тәртібі

21. Мемлекеттік қызметті ұсыну сапасы бойынша қанағаттанбаған жағдайда КББ бастығының, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Көліктік бақылау комитеті төрағасының, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі басшылығының атына шағым беріледі.

Даулы мәселелер азаматтық сот жүргізу тәртібімен шешіледі.

22. Шағым мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік орган басшылығының атына заңнамада белгіленген тәртіппен, сондай-ақ осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес электрондық адреске беріледі.

23. Қабылданған шағым жеке (заңды) тұлғалардың өтініштері есепке алу журналында тіркеледі. Шағым заңнамада белгіленген мерзімде қаралады.

Шағымды қарау нәтижелері туралы өтініш берушіге жазба түрде пошта не электрондық пошта арқылы хабарланады.

## 6. Байланыс жасау ақпараты

24. Ұсынылатын мемлекеттік қызметке жауапты КББ басшыларының мекен-жайлары осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген.

25. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Көліктік бақылау комитетінің мекен-жайы: 010000, Астана қ. Қабанбай батыр даңғылы 47, электрондық поштасының адресі: ktk@mtc.gov.kz, қабылдау бөлмесінің телефоны: (7172) 24-27-08.

"Шағын өлшемді кемелерді басқару құқығына куәлік беру" жөніндегі мемлекеттік қызмет көрсету стандартына

1-қосымша

**Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Көліктік бақылау комитетінің облыстар, Астана мен Алматы қалалары бойынша аумақтық органдарының тізбесі**

| N р/с | Бөлімшелердің атауы | Толық заңды мекен-жайы | Байланыс телефоны, электрондық почтасының адресі |
|---|---|---|---|
| 1. | "Ақмола облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Көкшетау қ., Абай к-сі, 87 | 8-(7162) 25-69-93 ktk_akm@mtc.gov.kz |
| 2. | "Ақтөбе облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Ақтөбе қ., 312 атқыштар дивизиясы даңғылы, 5А | 8-(7132) 54-29-03 ktk_aktb@mtc.gov. kz |
| 3. | "Алматы облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Талдықорған қ., Шевченко к-сі, 131 | 8-(7282) 24-55-01 ktk_alm@mtc.gov.kz |
| 4. | "Атырау облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Атырау қ., Привокзальный 5 шағын ауданы, 17 үй | 8-(7122) 26-16-33 ktk_atr@mtc.gov.kz |
| 5. | "Шығыс Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау басқармасы" мемле-кеттік мекемесі | Өскемен қ., Крылова к-сі, 114 | 8-(7232) 24-14-75 ktk_vko@mtc.gov.kz |
| 6. | "Жамбыл облысы бойынша көліктік бақылау басқарма- | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | сы" мемлекеттік мекемесі | Тараз қ., К.Жалаири к-сі, 1 | 8-(7262) 34-21-41 ktk_jamb@mtc.gov.kz |
| 7. | "Батыс Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі | Орал қ., Евразия даңғылы, 100 | 8-(7112) 51-35-86 ktk_zko@mtc.gov.kz |
| 8. | "Қарағанды облысы бойынша көліктік бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі | Қарағанды қ., Гапеева к-сі, 5 | 8-(7212) 77-22-40 ktk_kar@mtc.gov.kz |
| 9. | "Қызылорда облысы бойынша көліктік бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі | Қызылорда қ., Әуезов к-сі, 24 А | 8-(7242) 27-68-26 ktk_kzl@mtc.gov.kz |
| 10. | "Қостанай облысы бойынша көліктік бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі | Қостанай қ., Чехова к-сі,105 А | 8-(7142)53-90-14 ktk_kost@mtc.gov.kz |
| 11. | "Маңғыстау облысы бойынша көліктік бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі | Ақтау қ., 3б шағын ауданы | 8-(7292) 50-66-12 ktk_mang@mtc.gov.kz |
| 12. | "Павлодар облысы бойынша көліктік бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі | Павлодар қ., Бектұров к-сі,107 | 8-(7182) 32-06-39 ktk_pavl@mtc.gov.kz |
| 13. | "Солтүстік Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі | Петропавловск қ., Бейбітшілік к-сі, 122 | 8-(7152) 46-44-07 ktk_sko@mtc.gov.kz |
| 14. | "Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі | Шымкент қ., Молдағұлова к-сі, нөмірсіз | 8-(7252) 56-08-94 ktk_uko@mtc.gov.kz |
| 15. | "Астана қаласы бойынша көліктік бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі | Астана қ., Угольная к-сі, 28 | 8-(7172) 31-03-29 ktk_ast@mtc.gov.kz |
| | "Алматы қаласы бойынша көліктік | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 16. | бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Алматы қ., Өтеген батыр к-сі, 11 | 8-(7272) 76-93-71 ktk_galm@mtc.gov.kz |

"Шағын өлшемді кемелерді басқару құқығына куәлік беру" жөніндегі мемлекеттік қызмет көрсету стандартына

2-қосымша

## Сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің мәні

| Сапа және қол жетімділік көрсеткіштері | Көрсеткіш-тің норма-тивтік мәні | Көрсеткіш-тің келесі жылдағы нысаналы мәні | Көрсеткіш-тің есепті жылдағы ағымдағы мәні |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| **1. Уақтылығы** | | | |
| 1.1. құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну оқиғаларының % (үлесі) | 100 | 100 | 100 |
| 1.2. қызмет алуды кезекте 40 минуттан аспайтын уақыт күткен тұтынушылардың % (үлесі) | 100 | 100 | 100 |
| **2. Сапасы** | | | |
| 2.1. қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың %(үлесі) | 100 | 100 | 100 |
| 2.2. құжаттарды лауазымды тұлға дұрыс ресімдеген жағдайдың (жүргізілген төлемдер, есеп айырысу-лар және т.б.) %(үлесі) | 100 | 100 | 100 |
| **3. Қол жетімділік** | | | |
| 3.1. қызметті ұсыну тәртібі туралы сапаға және ақпаратқа қанағат-танған тұтынушылардың % (үлесі) | 100 | 100 | 100 |
| 3.2. тұтынушы құжаттар-ды дұрыс толтырған және бірінші реттен тапсыр-ған оқиғалардың % (үлесі) | 100 | 100 | 100 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3.3. Интернет арқылы қол жетімді ақпарат қызметтерінің % (үлесі) | 0 | 0 | 0 |
| **4. Шағымдану үдерісі** | | | |
| 4.1. қызметтің осы түрі бойынша қызмет көрсетілген тұтынушы-лардың жалпы санына негізделген шағымдардың % (үлесі) | 0 | 0 | 0 |
| 4.2. белгіленген мерзімде қаралған және қанағаттандырылған негізделген шағымдардың % (үлесі) | 0 | 0 | 0 |
| 4.3. шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушы-лардың % (үлесі) | 0 | 0 | 0 |
| 4.4. шағымдану мерзіміне канағаттанған тұтынушылардың %(үлесі) | 0 | 0 | 0 |
| **5. Сыпайылық** | | | |
| 5.1. қызметкерлердің сыпайылығына қанағат-танған тұтынушылардың % (үлесі) | 100 | 100 | 100 |

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация
министрі міндетін атқарушының
2007 жылғы 27 қарашадағы
N 251 бұйрығымен бекітілген

## "Шағын өлшемді кемелерді мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызметін көрсету СТАНДАРТЫ 1. Жалпы ережелер

1. Осы стандарт шағын өлшемді кемелерді мемлекеттік тіркеу жөніндегі мемлекеттік қызмет көрсету (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет) тәртібін белгілейді.

2. Шағын өлшемді кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабының, "Кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 қаңтардағы N 49 қаулысының негізінде жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Көліктік бақылау комитетінің облыстар және Астана мен Алматы қалалары бойынша аумақтық органдары (бұдан әрі - КББ) көрсетеді (осы стандартқа 1- қосымша).

5. Мемлекеттік қызмет көрсетуді аяқтау нысаны кеме билетін беру болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасында тіркелген жеке және заңды тұлғаларға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларына олардың тіркелген жерінен берілген сеніммен басқару негізінде шетелдік заңды тұлғаларға, шетел азаматтарына, азаматтығы жоқ тұлғаларға және халықаралық ұйымдарға (бұдан әрі - өтініш беруші) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет келесі мерзімдерде ұсынылады:

1) мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі өтінуші қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап: 30 күн;

2) қажетті құжаттарды тапсырған кезде кезек күтуге рұқсат етілген ең ұзақ уақыт: 20 минуттан артық емес;

3) кеме билетін алған кезде кезек күтуге рұқсат етілген ең ұзақ уақыт: 30 минуттан артық емес.

8. Мемлекеттік қызмет ақылы болып табылады.

Шағын өлшемді кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу үшін алынатын алымдар тіркеу жүзеге асырылатын жердің жергілікті бюджетіне төленеді, алымдар ставкасы "Көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу үшін алынатын алым ставкаларын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 10 сәуірдегі N 285 қаулысымен белгіленген және шағын өлшемді кеменің қозғалтқышының қуатына байланысты 1,5-тен 3 айлық есептік көрсеткішті құрайды: Қараныз K080000099

1) қуаты 50 аттың күшінен (37 кВт) жоғары өздігінен жүретін шағын өлшемді кемелерге - алым төленген күні қолданыстағы үш айлық есептік көрсеткіш;

2) қуаты 50 аттың күшіне (37 кВт) дейін өздігінен жүретін шағын өлшемді кемелерге - алым төленген күні қолданыстағы екі айлық есептік көрсеткіш;

3) өздігінен жүрмейтін шағын өлшемді кемелерге - алым төленген күні қолданыстағы бір жарым айлық есептік көрсеткіш.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және қажетті құжаттар туралы толық ақпарат, сондай-ақ, оларды толтыру үлгілері электрондық үкіметтің порталында http://www.e.gov.kz/, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің мына адрес бойынша http://www.mtk.gov.kz/ веб-сайтында, ақпараттың ресми көздерінде, КББ-ның ғимараттарында орналасқан стендтерде, үлгілері бар ақпараттық тақталарда орналастырылады.

10. КББ жұмыс кестесі түскі ас үзілісін қоса алғанда бес күндік жұмыс аптасынан тұрады. Қабылдау алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз кезектілік тәртібімен жүзеге асырылады.

11. Мемлекеттік қызметті ұсыну КББ ғимараттарында жүзеге асырылады, онда күтуге және қажетті құжаттардың тізбесі және оларды толтыру үлгілері, нормативтік құқықтық актілердің көшірмелері (үзінділері) бар стендтермен жарақтандырылған құжаттарды толтыруға арналған орындар бар.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

12. Мемлекеттік қызмет көрсетілуі үшін өтініш беруші мыналарды ұсынады:

1) кеменің негізгі техникалық деректері, оның тұрақтау жері, иесінің атауы және заңды мекен - жайы, аты-жөні, туған жылы, тұрақты тұратын жері, жұмыс орны көрсетілген жазбаша өтініш, өтініштің нысанын қабылдауды жүргізетін КББ қызметкері береді;

2) шағын кемені не кеме өз күшімен жасалған болса материалдарды алғаны немесе сатып алғаны расталған құжат (шоттар, дүкендердің тауарлық чектері, материалдарға анықтамалар, сатып алу шарттары, сыйға беру актісі, мұраға қалғаны туралы куәлік, сот шешімі және басқалар);

3) шағын өлшемді кемелерді тұрақты тұратын жерінде мемлекеттік тіркеу үшін алым төленгені туралы түбіртек;

4) зауытта жасалған кеменің техникалық паспорты және олардың сатылғаны туралы сауда ұйымының белгісі бар қозғалтқыштың техникалық паспорты, жеке өзі жасаған немесе қайта жабдықталған кемелер үшін - нормативтерге және уәкілетті органның талаптарына сәйкес келетін кеме жасауға арналған құжаттар мен техникалық құжаттамалар.

13. Белгіленген үлгідегі өтініштің нысанын КББ-ның қызметкері береді.

14. Осы стандарттың 12-тармағында көрсетілген құжаттар ККБ-ның кеңсесіне ұсынылады.

15. Осы стандарттың 12-тармағында көрсетілген қажетті барлық құжаттарды өтініш беруші ұсынған болса, КББ-ның қызметкері өтінішті мемлекеттік қызмет көрсету журналына тіркейді.

16. Кеме билеті шағын өлшемді кемені және оған құқықтарды кеме кітабына тіркегеннен кейін кеме билеттерін беру журналына жеке қолын қойдыра отырып иесіне беріледі.

17. Осы стандарттың 12-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынбау өтініш берушіге мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартудың негізі болып табылады.

## 3. Жұмыс қағидаттары

18. КББ-ның қызметі адамның конституциялық құқықтарының, қызметтік борышын атқаруда заңдылықтың, мемлекеттік қызметкерлердің Ар-намыс кодексінің сақталуына негізделеді және сыпайылық, көрсетілетін толық ақпарат ұсыну, оның сақталуын, қорғалуын және құпиялылығын қамтамасыз ету қағидаттары бойынша жүзеге асырылады.

## 4. Жұмыс нәтижелері

19. КББ-ның жұмыс нәтижелері осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес сапа және қол жетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

20. Мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік органның, мекеменің немесе өзге де субъектілердің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтердің сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәнін жыл сайын арнайы құрылған жұмыс топтары бекітеді.

## 5. Шағымдану тәртібі

21. Мемлекеттік қызметті ұсыну сапасы бойынша қанағаттанбаған жағдайда КББ бастығының, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Көліктік бақылау комитеті төрағасының, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі басшылығының атына шағым беріледі.

Даулы мәселелер азаматтық сот жүргізу тәртібімен шешіледі.

22. Шағым мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік орган басшылығының атына заңнамада белгіленген тәртіппен, сондай-ақ осы стандартқа 1-қосымшаға электрондық адреске сәйкес беріледі.

23. Қабылданған шағым жеке (заңды) тұлғалардың өтініштерін есепке алу журналында тіркеледі. Шағым заңнамада белгіленген мерзімде қаралады.

Өтінішті қарау нәтижелері туралы өтініш берушіге жазба түрде пошта не электрондық пошта арқылы хабарланады.

## 6. Байланыс жасау ақпараты

24. Ұсынылатын мемлекеттік қызметке жауапты КББ басшыларының мекен-жайлары осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген.

25. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Көліктік бақылау комитетінің мекен - жайы: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 47, электрондық поштасының адресі: ktk@mtc.gov.kz, қабылдау бөлмесінің телефоны: (7172) 24-27-08.

"Шағын өлшемді кемелерді басқару құқығына куәлік беру" жөніндегі мемлекеттік қызмет көрсету стандартына
1-қосымша

**Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Көліктік бақылау комитетінің облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша аумақтық органдарының тізбесі**

| N р/с | Бөлімшелердің атауы | Толық заңды мекен-жайы | Байланыс телефоны, электрондық почтасының адресі |
|---|---|---|---|
| 1. | "Ақмола облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Көкшетау қ., Абай к-сі, 87 | 8-(7162) 25-69-93 ktk_akm@mtc.gov.kz |
| 2. | "Ақтөбе облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Ақтөбе қ., 312 атқыштар дивизиясы даңғылы, 5А | 8-(7132) 54-29-03 ktk_aktb@mtc.gov.kz |
| 3. | "Алматы облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Талдықорған қ., Шевченко к-сі, 131 | 8-(7282) 24-55-01 ktk_alm@mtc.gov.kz |
| 4. | "Атырау облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Атырау қ., Привокзальный 5 шағын ауданы, 17 үй | 8-(7122) 26-16-33 ktk_atr@mtc.gov.kz |
| 5. | "Шығыс Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау басқармасы" мемле-кеттік мекемесі | Өскемен қ., Крылова к-сі, 114 | 8-(7232) 24-14-75 ktk_vko@mtc.gov.kz |
| 6. | "Жамбыл облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Тараз қ., К.Жалаири к-сі, 1 | 8-(7262) 34-21-41 ktk_jamb@mtc.gov.kz |
| 7. | "Батыс Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау басқармасы" мемле-кеттік мекемесі | Орал қ., Евразия даңғылы, 100 | 8-(7112) 51-35-86 ktk_zko@mtc.gov.kz |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 8. | "Қарағанды облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Қарағанды қ., Гапеева к-сі, 5 | 8-(7212) 77-22-40 ktk_kar@mtc.gov.kz |
| 9. | "Қызылорда облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Қызылорда қ., Әуезов к-сі, 24 А | 8-(7242) 27-68-26 ktk_kzl@mtc.gov.kz |
| 10. | "Қостанай облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Қостанай қ., Чехова к-сі,105 А | 8-(7142)53-90-14 ktk_kost@mtc.gov.kz |
| 11. | "Маңғыстау облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Ақтау қ., 3б шағын ауданы | 8-(7292) 50-66-12 ktk_mang@mtc.gov.kz |
| 12. | "Павлодар облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Павлодар қ., Бектұров к-сі,107 | 8-(7182) 32-06-39 ktk_pavl@mtc.gov.kz |
| 13. | "Солтүстік Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Петропавловск қ., Бейбітшілік к-сі, 122 | 8-(7152) 46-44-07 ktk_sko@mtc.gov.kz |
| 14. | "Оңтүстік Қазақс-тан облысы бойынша көліктік бақылау басқармасы" мемле-кеттік мекемесі | Шымкент қ., Молдағұлова к-сі, нөмірсіз | 8-(7252) 56-08-94 ktk_uko@mtc.gov.kz |
| 15. | "Астана қаласы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Астана қ., Угольная к-сі, 28 | 8-(7172) 31-03-29 ktk_ast@mtc.gov.kz |
| 16. | "Алматы қаласы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Алматы қ., Өтеген батыр к-сі, 11 | 8-(7272) 76-93-71 ktk_galm@mtc.gov.kz |

"Шағын өлшемді кемелерді мемлекеттік тіркеу" жөніндегі

мемлекеттік қызмет көрсету стандартына
2-қосымша

## Сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің мәні

| Сапа және қол жетімділік көрсеткіштері | Көрсеткіш-тің норма-тивтік мәні | Көрсеткіш-тің келесі жылдағы нысаналы мәні | Көрсеткіш-тің есепті жылдағы ағымдағы мәні |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| **1. Уақтылығы** | | | |
| 1.1. құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну оқиғаларының % (үлесі) | 100 | 100 | 100 |
| 1.2. қызмет алуды кезекте 40 минуттан аспайтын уақыт күткен тұтынушылардың % (үлесі) | 100 | 100 | 100 |
| **2. Сапасы** | | | |
| 2.1. қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың %(үлесі) | 100 | 100 | 100 |
| 2.2. құжаттарды лауазымды тұлға дұрыс ресімдеген жағдайдың (жүргізілген төлемдер, есеп айырысу-лар және т.б.) %(үлесі) | 100 | 100 | 100 |
| **3. Қол жетімділік** | | | |
| 3.1. қызметті ұсыну тәртібі туралы сапаға және ақпаратқа қанағат-танған тұтынушылардың % (үлесі) | 100 | 100 | 100 |
| 3.2. тұтынушы құжаттар-ды дұрыс толтырған және бірінші реттен тапсыр-ған оқиғалардың % (үлесі) | 100 | 100 | 100 |
| 3.3. Интернет арқылы қол жетімді ақпарат қызметтерінің % (үлесі) | 0 | 0 | 0 |
| **4. Шағымдану үдерісі** | | | |
| 4.1. қызметтің осы түрі бойынша қызмет | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| көрсетілген тұтынушы-лардың жалпы санына негізделген шағымдардың % (үлесі) | 0 | 0 | 0 |
| 4.2. белгіленген мерзімде қаралған және қанағаттандырылған негізделген шағымдардың % (үлесі) | 0 | 0 | 0 |
| 4.3. шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушы-лардың % (үлесі) | 0 | 0 | 0 |
| 4.4. шағымдану мерзіміне канағаттанған тұтынушылардың %(үлесі) | 0 | 0 | 0 |
| **5. Сыпайылық** | | | |
| 5.1. қызметкерлердің сыпайылығына қанағат-танған тұтынушылардың % (үлесі) | 100 | 100 | 100 |

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация
министрі міндетін атқарушының
2007 жылғы 27 қарашадағы
N 251 бұйрығымен бекітілген

## "Өзен кемелерін және оларға құқықтарды Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетудің СТАНДАРТЫ 1. Жалпы ережелер

1. Осы стандарт өзен кемелерінжәне оларға құқықтарды Мемлекеттік кеме тізіліміндемемлекеттік тіркеу жөніндегі мемлекеттік қызмет көрсету (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет) тәртібін белгілейді.

2. Өзен кемелерінжәне оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабының , "Кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 қаңтардағы N 49 қаулысының негізінде жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Көліктік бақылау комитетінің облыстар және Астана мен Алматы қалалары бойынша аумақтық органдары (бұдан әрі - КББ) көрсетеді (осы стандартқа 1-қосымша).

5. Мемлекеттік қызмет көрсетуді аяқтау нысаны кеме куәлігін беру болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасында тіркелген жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - өтініш берушілерге) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет келесі мерзімдерде ұсынылады:

1) мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі өтінуші қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап: 30 күн;

2) қажетті құжаттарды тапсырған кезде кезек күтуге рұқсат етілген ең ұзақ уақыт: 20 минуттан артық емес;

3) кеме билетін алған кезде кезек күтуге рұқсат етілген ең ұзақ уақыт: 30 минуттан артық емес.

8. Мемлекеттік қызмет ақылы болып табылады.

Өзен кемелерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу үшін алынатын алымдар тіркеу жүзеге асырылатын жердің жергілікті бюджетіне төленеді, алымдар ставкасы»Көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу үшін алым ставкаларын белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 10 сәуірдегі N 285 қаулысымен белгіленген және он бес мәрте айлық есептік көрсеткішті құрайды. Қараныз K080000099

9. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және қажетті құжаттар туралы толық ақпарат, сондай-ақ, оларды толтыру үлгілері электрондық үкіметтің порталында http://www.e.gov.kz/, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің мына адрес бойынша http://www.mtk.gov.kz/ веб-сайтында, ақпараттың ресми көздерінде, КББ-ның ғимараттарында орналасқан стендтерде, үлгілері бар ақпараттық тақталарда орналастырылады.

10. КББ жұмыс кестесі түскі ас үзілісін қоса алғанда бес күндік жұмыс аптасынан тұрады. Қабылдау алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз кезектілік тәртібімен жүзеге асырылады.

11. Мемлекеттік қызметті ұсыну КББ ғимараттарында жүзеге асырылады, онда қажетті құжаттардың тізбесі және оларды толтыру үлгілері, нормативтік құқықтық актілердің қиындылары (көшірме) бар стендтермен жарақтандырылған күтуге және құжаттарды толтыруға арналған орындар бар.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

12. Мемлекеттік қызмет көрсетілу үшін өтініш беруші мынадай құжаттар қоса берілген белгіленген нысандағы кеме тізілімінің сауалнамасын қамтитын өтінішті ұсынады:

1) кемеге меншік құқығын растайтын құжаттар;

2)»"Кеме қатынасы тіркелімі" мемлекеттік мекемесі беретін кеменің жүзуге

жарамдылығы туралы куәлігі;

3)»"Кеме қатынасы тіркелімі" мемлекеттік мекемесі беретін өлшеу куәлігі ("өзен-теңіз" жүзу кемелері үшін);

4) КББ беретін сыныптау куәлігі;

5) "Кеме қатынасы тіркелімі" мемлекеттік мекемесі беретін жолаушылар куәлігі (жолаушылар кемесі үшін);

6) өзен кемелерін мемлекеттік тіркегені үшін бюджетке алым сомасының төленгендігін растайтын құжат.

Кемелерді мемлекеттік тіркеуге ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптар :

құжаттар мемлекеттік немесе орыс тілдерінде жасалған болуы тиіс;

құжаттардың мәтіндері анық жазылған, заңды тұлғалардың атаулары мен деректемелері қысқартусыз жазылған болуы тиіс;

тіркеуге қажетті барлық құжаттар екі данада беріледі, олардың біреуі-түпнұсқа, ал екіншісі нотариалды куәландырылған көшірме болуы тиіс. Түпнұсқа тіркелгеннен кейін құқық иесіне қайтарылуы тиіс.

13. Белгіленген үлгідегі өтініштің және кеме тізілімі сауалнамасының нысанын КББ-ның қызметкері береді.

14. Осы стандарттың 12-тармағында көрсетілген құжаттар ККБ-ның кеңсесіне ұсынылады.

15. Осы стандарттың 12-тармағында көрсетілген қажетті барлық құжаттарды өтінуші ұсынған болса, КББ-ның қызметкері өтінішті мемлекеттік қызмет көрсету журналына тіркейді.

16. Кеме билеті өзен кемесін және оған құқықтарды Мемлекеттік кеме тізілімінде тіркегеннен кейін иесіне беріледі.

17. Мемлекеттік қызметті ұсынудан мындай жағдайларда бас тартылады, егер :

1) мемлекеттік қызмет көрсету туралы өтінішті тиісті тұлға ұсынбаса;

2) өтінуші ұсынған құжаттардың осы стандарттың 12-тармағында көрсетілген талаптарына сәйкес келмесе;

3) өтінуші ұсынған мемлекеттік қызмет көрсетуге осы стандарттың 12-тармағында көрсетілген құжаттар толық болмаса;

4) мемлекеттік тіркеуге ұсынылған құжаттарда тазаланған немесе үстінен жазылған, сызылған сөздер мен оларда ескерілмеген өзге де түзетулер бар болса, қарындашпен орындалған құжаттар, сондай-ақ мазмұнын бірыңғай түсіндіруге мүмкіндік бермейтін бүлінген жерлері бар құжаттар қабылдауға жатпайды.

## 3. Жұмыс қағидаттары

18. КББ-ның қызметі адамның конституциялық құқықтарының, қызметтік борышын атқаруда заңдылықтың, Мемлекеттік қызметкерлердің ар-намыс кодексінің сақталуына негізделеді және сыпайылық, көрсетілетін толық ақпарат ұсыну, оның сақталуын, қорғалуын және құпиялылығын қамтамасыз ету қағидаттары бойынша жүзеге асырылады.

## 4. Жұмыс нәтижелері

19. КББ-ның жұмыс нәтижелері осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес сапа және қол жетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

20. Мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік органның, мекеменің немесе өзге де субъектілердің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтердің сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәнін жыл сайын арнайы құрылған жұмыс топтары бекітеді.

## 5. Шағымдану тәртібі

21. Мемлекеттік қызметті ұсыну сапасы бойынша қанағаттанбаған жағдайда КББ бастығының, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Көліктік бақылау комитеті төрағасының, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі басшылығының атына шағым беріледі.

Даулы мәселелер азаматтық сот жүргізу тәртібімен шешіледі.

22. Шағым мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік орган басшылығының атына заңнамада белгіленген тәртіппен, сондай-ақ осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес электрондық адреске беріледі.

23. Қабылданған шағым жеке (заңды) тұлғалардың өтініштерін есепке алу журналында тіркеледі. Шағым заңнамада белгіленген мерзімде қаралады.

Өтінішті қарау нәтижелері туралы өтінушіге жазба түрде пошта не электрондық пошта арқылы хабарланады.

## 6. Байланыс жасау ақпараты

24. Ұсынылатын мемлекеттік қызметке жауапты КББ басшыларының мекен-жайлары осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген.

25. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Көліктік бақылау комитетінің мекен - жайы: 010000, Астана қ. Қабанбай батыр даңғылы 47, электрондық поштасының адресі: ktk@mtc.gov.kz, қабылдау бөлмесінің телефоны: (7172) 24-27-08.

"Өзен кемелерін және оларға
құқықтарды Мемлекеттік кеме

тізілімінде мемлекеттік тіркеу"
жөніндегі мемлекеттік қызмет
көрсету стандартына

1-қосымша

**Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Көліктік бақылау комитетінің облыстар, Астана мен Алматы қалалары бойынша аумақтық органдарының тізбесі**

| N р/с | Бөлімшелердің атауы | Толық заңды мекен-жайы | Байланыс телефоны, электрондық почтасының адресі |
|---|---|---|---|
| 1. | "Ақмола облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Көкшетау қ., Абай к-сі, 87 | 8-(7162) 25-69-93 ktk_akm@mtc.gov.kz |
| 2. | "Ақтөбе облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Ақтөбе қ., 312 атқыштар дивизиясы даңғылы, 5А | 8-(7132) 54-29-03 ktk_aktb@mtc.gov.kz |
| 3. | "Алматы облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Талдықорған қ., Шевченко к-сі, 131 | 8-(7282) 24-55-01 ktk_alm@mtc.gov.kz |
| 4. | "Атырау облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Атырау қ., Привокзальный 5 шағын ауданы, 17 үй | 8-(7122) 26-16-33 ktk_atr@mtc.gov.kz |
| 5. | "Шығыс Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау басқармасы" мемле-кеттік мекемесі | Өскемен қ., Крылова к-сі, 114 | 8-(7232) 24-14-75 ktk_vko@mtc.gov.kz |
| 6. | "Жамбыл облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Тараз қ., К.Жалаири к-сі, 1 | 8-(7262) 34-21-41 ktk_jamb@mtc.gov.kz |
| 7. | "Батыс Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау басқармасы" мемле-кеттік мекемесі | Орал қ., Евразия даңғылы, 100 | 8-(7112) 51-35-86 ktk_zko@mtc.gov.kz |
| 8. | "Қарағанды облысы бойынша көліктік | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Қарағанды қ., Гапеева к-сі, 5 | 8-(7212) 77-22-40 ktk_kar@mtc.gov.kz |
| 9. | "Қызылорда облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Қызылорда қ., Әуезов к-сі, 24 А | 8-(7242) 27-68-26 ktk_kzl@mtc.gov.kz |
| 10. | "Қостанай облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Қостанай қ., Чехова к-сі,105 А | 8-(7142)53-90-14 ktk_kost@mtc.gov.kz |
| 11. | "Маңғыстау облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Ақтау қ., 3б шағын ауданы | 8-(7292) 50-66-12 ktk_mang@mtc.gov.kz |
| 12. | "Павлодар облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Павлодар қ., Бектұров к-сі,107 | 8-(7182)32-06-39 ktk_pavl@mtc.gov.kz |
| 13. | "Солтүстік Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Петропавловск қ., Бейбітшілік к-сі, 122 | 8-(7152) 46-44-07 ktk_sko@mtc.gov.kz |
| 14. | "Оңтүстік Қазақс-тан облысы бойынша көліктік бақылау басқармасы" мемле-кеттік мекемесі | Шымкент қ., Молдағұлова к-сі, нөмірсіз | 8-(7252) 56-08-94 ktk_uko@mtc.gov.kz |
| 15. | "Астана қаласы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Астана қ., Угольная к-сі, 28 | 8-(7172) 31-03-29 ktk_ast@mtc.gov.kz |
| 16. | "Алматы қаласы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Алматы қ., Өтеген батыр к-сі, 11 | 8-(7272) 76-93-71 ktk_galm@mtc.gov.kz |

"Өзен кемелерін және оларға құқықтарды Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеу"

жөніндегі мемлекеттік қызмет
көрсету стандартына

2-қосымша

## Сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің мәні

| Сапа және қол жетімділік көрсеткіштері | Көрсеткіш-тің норма-тивтік мәні | Көрсеткіш-тің келесі жылдағы нысаналы мәні | Көрсеткіш-тің есепті жылдағы ағымдағы мәні |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| **1. Уақтылығы** | | | |
| 1.1. құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну оқиғаларының % (үлесі) | 100 | 100 | 100 |
| 1.2. қызмет алуды кезекте 40 минуттан аспайтын уақыт күткен тұтынушылардың % (үлесі) | 100 | 100 | 100 |
| **2. Сапасы** | | | |
| 2.1. қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың %(үлесі) | 100 | 100 | 100 |
| 2.2. құжаттарды лауазымды тұлға дұрыс ресімдеген жағдайдың (жүргізілген төлемдер, есеп айырысу-лар және т.б.) %(үлесі) | 100 | 100 | 100 |
| **3. Қол жетімділік** | | | |
| 3.1. қызметті ұсыну тәртібі туралы сапаға және ақпаратқа қанағат-танған тұтынушылардың % (үлесі) | 100 | 100 | 100 |
| 3.2. тұтынушы құжаттар-ды дұрыс толтырған және бірінші реттен тапсыр-ған оқиғалардың % (үлесі) | 100 | 100 | 100 |
| 3.3. Интернет арқылы қол жетімді ақпарат қызметтерінің % (үлесі) | 0 | 0 | 0 |
| **4. Шағымдану үдерісі** | | | |
| 4.1. қызметтің осы түрі бойынша қызмет | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| көрсетілген тұтынушы-лардың жалпы санына негізделген шағымдардың % (үлесі) | 0 | 0 | 0 |
| 4.2. белгіленген мерзімде қаралған және қанағаттандырылған негізделген шағымдардың % (үлесі) | 0 | 0 | 0 |
| 4.3. шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушы-лардың % (үлесі) | 0 | 0 | 0 |
| 4.4. шағымдану мерзіміне канағаттанған тұтынушылардың %(үлесі) | 0 | 0 | 0 |
| **5. Сыпайылық** | | | |
| 5.1. қызметкерлердің сыпайылығына қанағат-танған тұтынушылардың % (үлесі) | 100 | 100 | 100 |

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрі міндетін атқарушының 2007 жылғы 27 қарашадағы N 251 бұйрығымен бекітілген

## "Өзен кемелерін жалға алынған шетел кемелерінің тізілімінде мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызметін көрсету СТАНДАРТЫ 1. Жалпы ережелер

1. Осы стандарт жалға алынған шетел кемелерінің тізілімінде өзен кемелерін мемлекеттік тіркеу жөніндегі мемлекеттік қызмет көрсету (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет) тәртібін белгілейді.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабының , "Кемелер мен оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 қаңтардағы N 49 қаулысының негізінде жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Көліктік бақылау комитетінің облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша аумақтық органдары (бұдан әрі - КББ) көрсетеді (осы стандартқа 1-қосымша).

5. Мемлекеттік қызмет көрсетудің аяқталу нысаны шетел кемесіне Қазақстан Республикасының туын көтеріп жүзу құқығына куәлік беру болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасында тіркелген жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - өтініш берушілерге) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет келесі мерзімдерде ұсынылады:

1) мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі өтініш беруші қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап 30 күн;

2) қажетті құжаттарды тапсырған кезде кезек күтуге рұқсат берілген ең ұзақ уақыт: 20 минуттан артық емес;

3) кеме куәліктерін алған кезде кезек күтуге рұқсат берілген ең ұзақ уақыт: 30 минуттан артық емес;

8. Мемлекеттік қызмет көрсету ақылы болып табылады.

Өзен кемелерін және оларға құқықты мемлекеттік тіркеу үшін алынатын алым тіркеуді жүзеге асыру орны бойынша жергілікті бюджетке төленеді, алым ставкасы "Көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені үшін алым ставкаларын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 10 сәуірдегі N 285 қаулысымен белгіленген және алым төлеген күні қолданылатын он бес айлық есептік көрсеткішті құрайды. Қараныз K080000099

9. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және қажетті құжаттар туралы толық ақпарат, сондай-ақ, оларды толтыру үлгілері электрондық үкіметтің порталында http://www.e.gov.kz/, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің мына адрес бойынша http://www.mtk.gov.kz/ веб-сайтында, ақпараттың ресми көздерінде, КББ-ның ғимараттарында орналасқан стендтерде, үлгілері бар ақпараттық тақталарда орналастырылады.

10. КББ жұмыс кестесі түскі ас үзілісін қоса алғанда бес күндік жұмыс аптасынан тұрады. Қабылдау алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз кезектілік тәртібімен жүзеге асырылады.

11. Мемлекеттік қызметті ұсыну КББ ғимараттарында жүзеге асырылады, онда күтуге және қажетті құжаттардың тізбесі мен оларды толтыру үлгілері, нормативтік құқықтық актілерден көшірмелер (үзінділер) бар стендтермен жарақтандырылған құжаттарды толтыруға арналған орындар бар.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

12. Мемлекеттік қызмет көрсетілуі үшін өтініш беруші мынадай құжаттар қоса берілген белгіленген нысандағы кеме тізілімінің сауалнамасын қамтитын кемені мемлекеттік тіркеу туралы өтінішті ұсынады:

1) кемеге меншік құқығын растайтын құжаттар;

2) "Кеме қатынасы тіркелімі" мемлекеттік мекемесі беретін кеменің жүзуге

жарамдылығы туралы куәлік;

3) "Кеме қатынасы тіркелімі" мемлекеттік мекемесі беретін өлшеу куәлігі (" өзен-теңіз" жүзу кемелері үшін);

4) КББ беретін сыныптау куәлігі;

5) "Кеме қатынасы тіркелімі" мемлекеттік мекемесі беретін жолаушылар куәлігі (жолаушылар кемесі үшін);

6) өзен кемелерін мемлекеттік тіркегені үшін бюджетке алым сомасының төленгендігін растайтын құжат;

7) шетел кемесіне Қазақстан Республикасының туын уақытша көтеріп жүзу құқығын беру туралы және осы кеменің атауын белгілеу туралы уәкілетті органның шешімі;

8) жалға беру шарты;

9) туы ауысқанға дейін кеме тікелей тіркелген шетелдік мемлекеттің құзыретті билік орындары берген осындай мемлекеттің туын көтеріп жүзу құқығы Қазақстан Республикасының мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын беру мерзіміне тоқтатылғанын растайтын құжат;

10) кеме иесінің және кеменің тіркелген ипотекасын немесе сондай сипаттағы ауыртпалығын кепілге ұстаушының кемені Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуге ауыстыруға жазбаша рұқсаты;

11) қазақстандық кемені жалға алушының аты мен мекен-жайын растайтын құжат.

Кемелерді мемлекеттік тіркеуге ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптар :

құжаттар мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалған болуы тиіс;

егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше көзделмесе, ресми шетелдік құжаттар белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының шет елдердегі дипломатиялық өкілдіктерінде немесе консулдық мекемелерінде жария етілуі тиіс. Қажет болған жағдайларда қарауға, сондай-ақ оларға қатысты көрсетілген талаптар орындалған құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері қабылдануы мүмкін. Ұсынылатын құжаттар шет тілінде жасалған жағдайда, оларға мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі нотариалды куәландырылған аудармасы қоса беріледі;

құжаттардың мәтіндері анық жазылған, заңды тұлғалардың атаулары мен деректемелері қысқартусыз жазылған болуы тиіс;

тіркеуге қажетті барлық құжаттар екі данада беріледі, олардың біреуі-түпнұсқа, ал екіншісі нотариалды куәландырылған көшірме болуы тиіс. Түпнұсқа тіркелгеннен кейін құқық иесіне қайтарылуы тиіс.

13. Белгіленген үлгідегі өтініштің және кеме тізілімі сауалнамасының нысанын КББ-ның қызметкері береді.

14. Осы стандарттың 12-тармағында көрсетілген құжаттар КББ кеңсесіне ұсынылады.

15. Осы стандарттың 12-тармағында көрсетілген қажетті барлық құжаттарды өтініш беруші ұсынған кезде, КББ-ның қызметкері өтінішті мемлекеттік қызмет көрсету журналына тіркейді.

16. Шетел кемесіне Қазақстан Республикасының туын көтеріп жүзу құқығын уақытша беру туралы куәлік өтініш берушіге өзен кемесі жалға алынған шетел кемелерінің тізілімінде тіркелгеннен кейін беріледі.

17. Мемлекеттік қызмет көрсетуден мынадай жағдайларда бас тартылуы мүмкін:

1) мемлекеттік қызмет көрсету туралы өтінішті тиісті емес тұлғаның ұсынуы;

2) құжаттарды ұсынған кезде осы стандарттың 12-тармағында көрсетілген талаптардың орындалмауы;

3) мемлекетік қызмет көрсетуге ұсынылған осы стандарттың 12-тармағында көрсетілген құжаттар толық көлемде болмауы;

4) мемлекеттік тіркеуге ұсынылған құжаттарда тазаланған немесе үстінен жазылған, сызылған сөздер және оларда ескерілмеген өзге де түзетулер бар болса, қарындашпен орындалған құжаттар, сондай-ақ мазмұнын бір мәнінде түсіндіруге мүмкіндік бермейтін бүлінген жерлері бар құжаттар қабылдауға жатпайды.

## 3. Жұмыс қағидаттары

18. КББ-ның қызметі адамның конституциялық құқықтарының, қызметтік борышын атқаруда заңдылықтың, мемлекеттік қызметкерлердің ар-намыс кодексінің сақталуына негізделеді және сыпайылық, көрсетілетін толық ақпарат ұсыну, оның сақталуын, қорғалуын және құпиялылығын қамтамасыз ету қағидаттары бойынша жүзеге асырылады.

## 4. Жұмыс нәтижелері

19. КББ жұмысының нәтижелері осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес сапа және қол жетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

20. Мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік органның, мекеменің немесе өзге де субъектілердің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтердің сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәнін жыл сайын арнайы құрылған жұмыс топтары бекітеді.

## 5. Шағымдану тәртібі

21. Мемлекеттік қызметті ұсыну сапасы бойынша қанағаттанбаған жағдайда КББ бастығының, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Көліктік бақылау комитеті төрағасының, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі басшылығының атына шағым беріледі.

Даулы мәселелер азаматтық сот жүргізу тәртібімен шешіледі.

22. Шағым мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік орган басшылығының атына заңнамада белгіленген тәртіппен, сондай-ақ осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес электрондық адреске беріледі.

23. Қабылданған шағым жеке (заңды) тұлғалардың өтініштерін есепке алу журналында тіркеледі. Шағым заңнамада белгіленген мерзімде қаралады.

Өтінішті қарау нәтижелері туралы өтініш берушіге жазбаша түрде пошта не электрондық пошта арқылы хабарланады.

## 6. Байланыс жасау ақпараты

24. Ұсынылатын мемлекеттік қызметке жауапты КББ басшыларының мекен-жайлары осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген.

25. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Көліктік бақылау комитетінің мекен-жайы: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 47, электрондық поштасының адресі: ktk@mtc.gov.kz, қабылдау бөлмесінің телефоны: (7172) 24-27-08.

"Өзен кемелерін және оларға құқықтарды Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеу" жөніндегі мемлекеттік қызмет көрсету стандартына

1-қосымша

**Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Көліктік бақылау комитетінің облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша аумақтық органдарының тізбесі**

| N р/с | Бөлімшелердің атауы | Толық заңды мекен-жайы | Байланыс телефоны, электрондық почтасының адресі |
|---|---|---|---|
| 1. | "Ақмола облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Көкшетау қ., Абай к-сі, 87 | 8-(7162) 25-69-93 ktk_akm@mtc.gov.kz |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2. | "Ақтөбе облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Ақтөбе қ., 312 атқыштар дивизиясы даңғылы, 5А | 8-(7132) 54-29-03 ktk_aktb@mtc.gov.kz |
| 3. | "Алматы облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Талдықорған қ., Шевченко к-сі, 131 | 8-(7282) 24-55-01 ktk_alm@mtc.gov.kz |
| 4. | "Атырау облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Атырау қ., Привокзальный 5 шағын ауданы, 17 үй | 8-(7122) 26-16-33 ktk_atr@mtc.gov.kz |
| 5. | "Шығыс Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау басқармасы" мемле-кеттік мекемесі | Өскемен қ., Крылова к-сі, 114 | 8-(7232) 24-14-75 ktk_vko@mtc.gov.kz |
| 6. | "Жамбыл облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Тараз қ., К.Жалаири к-сі, 1 | 8-(7262) 34-21-41 ktk_jamb@mtc.gov.kz |
| 7. | "Батыс Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау басқармасы" мемле-кеттік мекемесі | Орал қ., Евразия даңғылы, 100 | 8-(7112) 51-35-86 ktk_zko@mtc.gov.kz |
| 8. | "Қарағанды облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Қарағанды қ., Гапеева к-сі, 5 | 8-(7212) 77-22-40 ktk_kar@mtc.gov.kz |
| 9. | "Қызылорда облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Қызылорда қ., Әуезов к-сі, 24 А | 8-(7242) 27-68-26 ktk_kzl@mtc.gov.kz |
| 10. | "Қостанай облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Қостанай қ., Чехова к-сі,105 А | 8-(7142)53-90-14 ktk_kost@mtc.gov.kz |
| 11. | "Маңғыстау облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Ақтау қ., 3б шағын ауданы | 8-(7292) 50-66-12 ktk_mang@mtc.gov.kz |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 12. | "Павлодар облысы бойынша көліктік бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі | Павлодар қ., Бектұров к-сі,107 | 8-(7182)32-06-39 ktk_pavl@mtc.gov.kz |
| 13. | "Солтүстік Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі | Петропавловск қ., Бейбітшілік к-сі, 122 | 8-(7152) 46-44-07 ktk_sko@mtc.gov.kz |
| 14. | "Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі | Шымкент қ., Молдағұлова к-сі, нөмірсіз | 8-(7252) 56-08-94 ktk_uko@mtc.gov.kz |
| 15. | "Астана қаласы бойынша көліктік бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі | Астана қ., Угольная к-сі, 28 | 8-(7172) 31-03-29 ktk_ast@mtc.gov.kz |
| 16. | "Алматы қаласы бойынша көліктік бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі | Алматы қ., Өтеген батыр к-сі, 11 | 8-(7272) 76-93-71 ktk_galm@mtc.gov.kz |

"Өзен кемелерін және оларға құқықтарды Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеу" жөніндегі мемлекеттік қызмет көрсету стандартына

2-қосымша

## Сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің мәні

| Сапа және қол жетімділік көрсеткіштері | Көрсеткіштің нормативтік мәні | Көрсеткіштің келесі жылдағы нысаналы мәні | Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| **1. Уақтылығы** | | | |
| 1.1. құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну оқиғаларының % (үлесі) | 100 | 100 | 100 |
| 1.2. қызмет алуды кезекте 40 минуттан | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| аспайтын уақыт күткен тұтынушылардың % (үлесі) | 100 | 100 | 100 |
| **2. Сапасы** | | | |
| 2.1. қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың %(үлесі) | 100 | 100 | 100 |
| 2.2. құжаттарды лауазымды тұлға дұрыс ресімдеген жағдайдың (жүргізілген төлемдер, есеп айырысу-лар және т.б.) %(үлесі) | 100 | 100 | 100 |
| **3. Қол жетімділік** | | | |
| 3.1. қызметті ұсыну тәртібі туралы сапаға және ақпаратқа қанағат-танған тұтынушылардың % (үлесі) | 100 | 100 | 100 |
| 3.2. тұтынушы құжаттар-ды дұрыс толтырған және бірінші реттен тапсыр-ған оқиғалардың % (үлесі) | 100 | 100 | 100 |
| 3.3. Интернет арқылы қол жетімді ақпарат қызметтерінің % (үлесі) | 0 | 0 | 0 |
| **4. Шағымдану үдерісі** | | | |
| 4.1. қызметтің осы түрі бойынша қызмет көрсетілген тұтынушы-лардың жалпы санына негізделген шағымдардың % (үлесі) | 0 | 0 | 0 |
| 4.2. белгіленген мерзімде қаралған және қанағаттандырылған негізделген шағымдардың % (үлесі) | 0 | 0 | 0 |
| 4.3. шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушы-лардың % (үлесі) | 0 | 0 | 0 |
| 4.4. шағымдану мерзіміне канағаттанған тұтынушылардың %(үлесі) | 0 | 0 | 0 |
| **5. Сыпайылық** | | | |
| 5.1. қызметкерлердің сыпайылығына қанағат- | 100 | 100 | 100 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| танған тұтынушылардың % (үлесі) | | | |

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация
министрі міндетін атқарушының
2007 жылғы 27 қарашадағы
N 251 бұйрығымен бекітілген

## "Темір жол жылжымалы құрамын тіркеу" мемлекеттік қызметін көрсету СТАНДАРТЫ 1. Жалпы ережелер

1. Осы стандарт қызметтің аталған түрін мемлекеттік реттеу, көліктік қызмет рыногінің қызметін қамтамасыз ету және оларды тұтынушылардың мүддесін қорғау, темір жол жылжымалы құрамының бірыңғай мемлекеттік деректер банкін және жұмысқа қабілеттігін құру, қозғалыс қауіпсіздігі талаптарын сақтау мақсатында темір жол көлігімен жолаушыларды, жүктерді және багаждарды тасымалдау жөніндегі қызметте пайдаланылатын темір жол жылжымалы құрамын тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуді ұсыну (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет) тәртібін белгілейді.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет "Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының, "Қазақстан Республикасында темір жол жылжымалы құрамын тіркеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2002 жылғы 11 шілдедегі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1948 нөмірмен тіркелген) N 240-І бұйрығының негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Көліктік бақылау комитетінің облыстар және Астана, Алматы қалалары бойынша аумақтық органдары (бұдан әрі - КББ) көрсетеді (осы стандартқа 1-қосымша).

5. Мемлекеттік қызмет көрсетуді аяқтау нысаны темір жол жылжымалы құрамын тіркеу туралы куәлік беру болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасында тіркелген жеке және заңды тұлғаларға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағындағы шетел заңды тұлғаларына, шетел азаматтарына, азаматтығы жоқ тұлғаларға және халықаралық ұйымдарға (бұдан әрі - өтініш беруші) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет мынадай мерзімдерде ұсынылады:

1) мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі өтініш беруші қажетті құжаттарды

тапсырған сәттен бастап: 30 күннен артық емес;

2) қажетті құжаттарды тапсырған кезде кезек күтуге рұқсат берілген ең ұзақ уақыт: 30 минуттан артық емес;

3)темір жол жылжымалы құрамын тіркеу туралы куәлікті алған кезде кезек күтуге рұқсат берілген ең ұзақ уақыт: 30 минуттан артық емес.

8. Мемлекеттік қызмет ақысыз болып табылады.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және қажетті құжаттар туралы толық ақпарат, сондай-ақ, оларды толтыру үлгілері электрондық үкіметтің порталында http://www.e.gov.kz/, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің мына адрес бойынша http://www.mtk.gov.kz/ веб-сайтында, ақпараттың ресми көздерінде, КББ-ның ғимараттарында орналасқан стендтерде, үлгілері бар ақпараттық тақталарда орналастырылады.

10. КББ жұмыс кестесі түскі ас үзілісін қоса алғанда бес күндік жұмыс аптасынан тұрады. Қабылдау алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз кезектілік тәртібімен жүзеге асырылады.

11. Мемлекеттік қызметті ұсыну КББ ғимараттарында жүзеге асырылады, онда қажетті құжаттардың тізбесі және оларды толтыру үлгілері, нормативтік құқықтық актілердің көшірмелері (үзінділері) бар стендтермен жарақтандырылған күтуге және құжаттарды толтыруға арналған орындар бар.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

12. Мемлекеттік қызмет көрсетілу үшін жеке тұлға мыналарды ұсынады:

қабылдауды жүргізетін КББ қызметкері беретін белгіленген үлгідегі өтініш;

жеке тұлғаның қолымен куәландырылған темір жол жылжымалы құрамының қолданыстағы мүкәммал паркінің, оның ішінде сенімгерлік басқарудағы немесе мүліктік жалдағы тізбесі;

жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың көшірмесі;

темір жол жылжымалы құрамын иеліктен шығару шартының немесе сенімгерлік басқаруға беру шартының, немесе мүлікті жалдау (жалға алу) шартының көшірмесі;

темір жол жылжымалы құрамына арналған техникалық паспорт.

Мемлекеттік қызмет көрсетілу үшін заңды тұлға мыналарды ұсынады:

қабылдауды жүргізетін КББ қызметкері беретін белгіленген үлгідегі өтініш;

заңды тұлғаның бірінші басшысының және бас бухгалтерінің қолымен куәландырылған темір жол жылжымалы құрамының қолданыстағы мүкәммал паркінің, оның ішінде сенімгерлік басқарудағы немесе мүліктік жалдағы тізбесі;

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;

өкілдің өкілеттігін растайтын құжат, сондай-ақ оның жеке басын

куәландыратын құжаттар;

темір жол жылжымалы құрамын иеліктен шығару шартының немесе сенімгерлік басқаруға беру шартының, немесе мүлікті жалдау (жалға алу) шартының көшірмесі;

темір жол жылжымалы құрамына арналған техникалық паспорт.

13. Белгіленген үлгідегі өтініштің нысанын КББ-ның қызметкері береді.

14. Осы стандарттың 12-тармағында көрсетілген құжаттар КББ кеңсесіне ұсынылады.

15. Өтініш беруші осы стандарттың 12-тармағында көрсетілген барлық қажетті құжаттарды ұсынған кезде, КББ-ның қызметкері өтінішті мемлекеттік қызмет көрсету журналына тіркейді.

16. Темір жол жылжымалы құрамын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік темір жол жылжымалы құрамының иесіне (өкіліне) темір жол жылжымалы құрамы кепілінің куәлігін беру тізіліміне қол қоя отырып, жеке тұлғаны куәландыратын құжатты ұсынған кезде беріледі.

17. Мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тартудың негіздері мыналар болып табылады:

1) өтініш берушінің осы стандарттың 12-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынбауы;

2) ұсынылған құжаттарда өшірулердің, қолмен немесе машинамен жазылған түзетулердің болуы немесе көшірмелерді куәландыратын қолдың және мөрдің болмауы.

## 3. Жұмыс қағидаттары

18. КББ-ның қызметі адамның конституциялық құқықтарының, қызметтік борышын атқаруда заңдылықтың, мемлекеттік қызметкерлердің ар-намыс кодексінің сақталуына негізделеді және сыпайылық, толық ақпарат ұсыну, оның сақталуын, қорғалуын және құпиялылығын қамтамасыз ету қағидаттары бойынша жүзеге асырылады.

## 4. Жұмыс нәтижелері

19. КББ жұмысының нәтижелері осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес сапа және қол жетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

20. Мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік органның, мекеменің немесе өзге де субъектілердің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтердің сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәнін жыл сайын арнайы құрылған жұмыс топтары бекітеді.

## 5. Шағымдану тәртібі

21. Мемлекеттік қызметті ұсыну сапасы бойынша шағымдар болған жағдайда КББ бастығының, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көліктік бақылау комитеті төрағасының, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі басшылығының атына шағым беріледі.

Даулы мәселелер азаматтық сот жүргізу тәртібімен шешіледі.

22. Шағым мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік орган басшылығының атына заңнамада белгіленген тәртіппен, сондай-ақ осы стандартқа 1-қосымшаға электрондық адреске сәйкес беріледі.

23. Қабылданған шағым жеке (заңды) тұлғалардың өтініштерін есепке алу журналында тіркеледі. Шағым заңнамада белгіленген мерзімде қаралады.

Өтінішті қарау нәтижелері туралы өтініш берушіге жазба түрде пошта не электрондық пошта арқылы хабарланады.

## 6. Байланыс жасау ақпараты

24. Ұсынылатын мемлекеттік қызметке жауапты КББ басшыларының мекен-жайлары осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген.

25. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Көліктік бақылау комитетінің мекен-жайы: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 47, электрондық поштасының адресі: ktk@mtc.gov.kz, қабылдау бөлмесінің телефоны: (7172) 24-27-08.

"Темір жол жылжымалы құрамын тіркеу" мемлекеттік қызметін көрсету стандартына

1-қосымша

**Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Көліктік бақылау комитетінің облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша аумақтық органдарының тізбесі**

| N р/с | Бөлімшелердің атауы | Толық заңды мекен-жайы | Байланыс телефоны, электрондық почтасының адресі |
|---|---|---|---|
| 1. | "Ақмола облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Көкшетау қ., Абай к-сі, 87 | 8-(7162) 25-69-93 ktk_akm@mtc.gov.kz |
| 2. | "Ақтөбе облысы бойынша көліктік бақылау басқарма- | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | сы" мемлекеттік мекемесі | Ақтөбе қ., 312 атқыштар дивизиясы даңғылы, 5А | 8-(7132) 54-29-03 ktk_aktb@mtc.gov.kz |
| 3. | "Алматы облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Талдықорған қ., Шевченко к-сі, 131 | 8-(7282) 24-55-01 ktk_alm@mtc.gov.kz |
| 4. | "Атырау облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Атырау қ., Привокзальный 5 шағын ауданы, 17 үй | 8-(7122) 26-16-33 ktk_atr@mtc.gov.kz |
| 5. | "Шығыс Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау басқармасы" мемле-кеттік мекемесі | Өскемен қ., Крылова к-сі, 114 | 8-(7232) 24-14-75 ktk_vko@mtc.gov.kz |
| 6. | "Жамбыл облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Тараз қ., К.Жалаири к-сі, 1 | 8-(7262) 34-21-41 ktk_jamb@mtc.gov.kz |
| 7. | "Батыс Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау басқармасы" мемле-кеттік мекемесі | Орал қ., Евразия даңғылы, 100 | 8-(7112) 51-35-86 ktk_zko@mtc.gov.kz |
| 8. | "Қарағанды облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Қарағанды қ., Гапеева к-сі, 5 | 8-(7212) 77-22-40 ktk_kar@mtc.gov.kz |
| 9. | "Қызылорда облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Қызылорда қ., Әуезов к-сі, 24 А | 8-(7242) 27-68-26 ktk_kzl@mtc.gov.kz |
| 10. | "Қостанай облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Қостанай қ., Чехова к-сі,105 А | 8-(7142)53-90-14 ktk_kost@mtc.gov.kz |
| 11. | "Маңғыстау облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Ақтау қ., 3б шағын ауданы | 8-(7292) 50-66-12 ktk_mang@mtc.gov.kz |
| 12. | "Павлодар облысы бойынша көліктік бақылау басқарма- | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | сы" мемлекеттік мекемесі | Павлодар қ., Бектұров к-сі,107 | 8-(7182)32-06-39 ktk_pavl@mtc.gov.kz |
| 13. | "Солтүстік Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі | Петропавловск қ., Бейбітшілік к-сі, 122 | 8-(7152) 46-44-07 ktk_sko@mtc.gov.kz |
| 14. | "Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі | Шымкент қ., Молдағұлова к-сі, нөмірсіз | 8-(7252) 56-08-94 ktk_uko@mtc.gov.kz |
| 15. | "Астана қаласы бойынша көліктік бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі | Астана қ., Угольная к-сі, 28 | 8-(7172) 31-03-29 ktk_ast@mtc.gov.kz |
| 16. | "Алматы қаласы бойынша көліктік бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі | Алматы қ., Өтеген батыр к-сі, 11 | 8-(7272) 76-93-71 ktk_galm@mtc.gov.kz |

"Темір жол жылжымалы құрамын тіркеу" мемлекеттік қызметін көрсету стандартына

2-қосымша

## Сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің мәні

| Сапа және қол жетімділік көрсеткіштері | Көрсеткіштің нормативтік мәні | Көрсеткіштің келесі жылдағы нысаналы мәні | Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| **1. Уақтылығы** | | | |
| 1.1. құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну оқиғаларының % (үлесі) | 100 | 100 | 100 |
| 1.2. қызмет алуды кезекте 40 минуттан аспайтын уақыт күткен тұтынушылардың % (үлесі) | 100 | 100 | 100 |
| **2. Сапасы** | | | |
| 2.1. қызметті ұсыну үдерісінің сапасына | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| қанағаттанған тұтынушылардың %(үлесі) | 100 | 100 | 100 |
| 2.2. құжаттарды лауазымды тұлға дұрыс ресімдеген жағдайдың (жүргізілген төлемдер, есеп айырысу-лар және т.б.) %(үлесі) | 100 | 100 | 100 |
| **3. Қол жетімділік** | | | |
| 3.1. қызметті ұсыну тәртібі туралы сапаға және ақпаратқа қанағат-танған тұтынушылардың % (үлесі) | 100 | 100 | 100 |
| 3.2. тұтынушы құжаттар-ды дұрыс толтырған және бірінші реттен тапсыр-ған оқиғалардың % (үлесі) | 100 | 100 | 100 |
| 3.3. Интернет арқылы қол жетімді ақпарат қызметтерінің % (үлесі) | 0 | 0 | 0 |
| **4. Шағымдану үдерісі** | | | |
| 4.1. қызметтің осы түрі бойынша қызмет көрсетілген тұтынушы-лардың жалпы санына негізделген шағымдардың % (үлесі) | 0 | 0 | 0 |
| 4.2. белгіленген мерзімде қаралған және қанағаттандырылған негізделген шағымдардың % (үлесі) | 0 | 0 | 0 |
| 4.3. шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушы-лардың % (үлесі) | 0 | 0 | 0 |
| 4.4. шағымдану мерзіміне канағаттанған тұтынушылардың %(үлесі) | 0 | 0 | 0 |
| **5. Сыпайылық** | | | |
| 5.1. қызметкерлердің сыпайылығына қанағат-танған тұтынушылардың % (үлесі) | 100 | 100 | 100 |

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрі міндетін атқарушының

2007 жылғы 27 қарашадағы
N 251 бұйрығымен бекітілген

## "Темір жол жылжымалы құрам кепілін тіркеу" мемлекеттік қызметін көрсету СТАНДАРТЫ 1. Жалпы ережелер

1. Осы стандарт кепіл ұстаушылардың мүддесін қорғау және кепіл ұстаушының келісімінсіз кепілдегі мүлікті иеліктен шығаруға жол бермеу мақсатында темір жол жылжымалы құрамының кепілін тіркеу жөнінде мемлекеттік қызмет көрсетуді (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет) ұсыну тәртібін белгілейді.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық Кодексінің 308-бабының, "Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының, "Қазақстан Республикасында темір жол жылжымалы құрамын тіркеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2002 жылғы 11 шілдедегі N 240-I (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1948 нөмірімен тіркелген) бұйрығының негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Көліктік бақылау комитетінің облыстар, Астана, Алматы қалалары бойынша аумақтық органдары (бұдан әрі - КББ) көрсетеді (осы стандартқа 1-қосымша).

5. Мемлекеттік қызмет көрсетуді аяқтау нысаны темір жол жылжымалы құрамының кепілін тіркеу туралы куәлік беру болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасында тіркелген жеке және заңды тұлғаларға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларына олардың тіркелген жерінен берілген сеніммен басқару негізінде шетелдік заңды тұлғаларға, шетел азаматтарына, азаматтығы жоқ тұлғаларға және халықаралық ұйымдарға (бұдан әрі - өтініш беруші) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет келесі мерзімдерде ұсынылады:

1) мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі өтінуші қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап: 2 жұмыс күнінен артық емес;

2) қажетті құжаттарды тапсырған кезде кезек күтуге рұқсат берілген ең ұзақ уақыт: 30 минуттан артық емес;

3) құжаттарды алған кезде кезек күтуге рұқсат берілген ең ұзақ уақыт: 30 минуттан артық емес;

8. Мемлекеттік қызмет көрсету ақылы болып табылады.
Жылжымалы мүлік кепілін мемлекеттік тіркеу үшін алымдар тіркеу жүзеге асырылатын жердің жергілікті бюджетіне төленеді, алымдар ставкасы " Жылжымалы мүлік кепілін және кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркегені үшін алым ставкаларын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 25 сәуірдегі N 325 қаулысымен белгіленген және жеке тұлғалардан - алым төлеген күні қолданылатын бір айлық есептік көрсеткішті; заңды тұлғалардан - бес айлық есептік көрсеткішті құрайды.
Қараныз K080000099

9. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және қажетті құжаттар туралы толық ақпарат, сондай-ақ, оларды толтыру үлгілері электрондық үкіметтің порталында http://www.e.gov.kz/, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің мына адрес бойынша http://www.mtk.gov.kz/ веб-сайтында, ақпараттың ресми көздерінде, КББ-ның ғимараттарында орналасқан стендтерде, үлгілері бар ақпараттық тақталарда орналастырылады.

10. КББ жұмыс кестесі түскі ас үзілісін қоса алғанда бес күндік жұмыс аптасынан тұрады. Қабылдау алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз кезектілік тәртібімен жүзеге асырылады.

11. Мемлекеттік қызметті ұсыну КББ ғимараттарында жүзеге асырылады, онда қажетті құжаттардың тізбесі және оларды толтыру үлгілері, нормативтік құқықтық актілердің көшірмелері (үзінділері) бар стендтермен жарақтандырылған күтуге және құжаттарды толтыруға арналған орындар бар.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

12. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке тұлға мынадай құжаттарды ұсынады :

белгіленген үлгідегі өтініш, оған бланкіні қабылдауды жүргізетін КББ қызметкері береді;

жеке тұлғаның қолымен куәландырылған темір жол жылжымалы құрамының қолданыстағы мүкәммал паркінің, оның ішінде сенімгерлік басқарудағы немесе мүліктік жалдағы тізбесі;

жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың көшірмесі;

жылжымалы темір жол құрамын иеліктен айыру шартының немесе сенімгерлік басқаруға беру шартының, немесе мүлікті жалдау (жалға алу) шартының көшірмесі;

банктің кепілдік шарты.

Мемлекеттік қызметті алу үшін тұлға мыналарды ұсынады:

белгіленген үлгідегі өтініш, оған бланкіні қабылдауды жүргізетін КББ

қызметкері береді;

заңды тұлғаның бірінші басшысының және бас бухгалтердің қолымен куәландырылған темір жол жылжымалы құрамының қолданыстағы мүкәммал паркінің, оның ішінде сенімгерлік басқарудағы немесе мүліктік жалдағы тізбесі;

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;

өкілдің өкілеттігін растайтын құжатты, сондай-ақ оның жеке басын куәландыратын құжаттар;

жылжымалы темір жол құрамын иеліктен айыру шартының немесе сенімгерлік басқаруға беру шартының, немесе мүлікті жалдау (жалға алу) шартының көшірмесі;

жылжымалы темір жол құрамына арналған техникалық куәлік;

банктің кепілдік шарты.

13. Белгіленген үлгідегі өтініштің нысанын КББ-ның қызметкері береді.

14. Осы стандарттың 12-тармағында көрсетілген құжаттар КББ-ның кеңсесіне ұсынылады.

15. Осы стандарттың 12-тармағында көрсетілген қажетті барлық құжаттарды өтінуші ұсынған болса, КББ-ның қызметкері өтінішті мемлекеттік қызмет көрсету журналына тіркейді.

16. Темір жол жылжымалы құрамының кепілін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік темір жол жылжымалы құрамының иесіне (өкіліне) темір жол жылжымалы құрамы кепілінің куәлігін беру тізіліміне қол қоя отырып, жеке тұлғаны куәландыратын құжатты ұсынған кезде беріледі.

17. Мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тартудың негіздері мыналар болып табылады:

1) құрамында Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 307-бабының талаптарына сәйкес келмейтін шарттары бар кепіл туралы немесе өзге шарт;

2) өтініш берушінің осы стандарттың 12-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынбауы;

3) тиісті емес тұлғаның өтініш жасауы;

4) жеке тұлғаны және/немесе оның өкілеттігін куәландыратын құжаты жоқ, жылжымалы мүлік кепілін тіркеу үшін төлем төленбеген өтініш берушінің өтініш жасауы.

## 3. Жұмыс қағидаттары

18. КББ-ның қызметі адамның конституциялық құқықтарының, қызметтік борышын атқаруда заңдылықтың, мемлекеттік қызметкерлердің ар-намыс

кодексінің сақталуына негізделеді және сыпайылық, көрсетілетін толық ақпарат ұсыну, оның сақталуын, қорғалуын және құпиялылығын қамтамасыз ету қағидаттары бойынша жүзеге асырылады.

## 4. Жұмыс нәтижелері

19. КББ жұмысының нәтижелері осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес сапа және қол жетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

20. Мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік органның, мекеменің немесе өзге де субъектілердің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтердің сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәнін жыл сайын арнайы құрылған жұмыс топтары бекітеді.

## 5. Шағымдану тәртібі

21. Мемлекеттік қызметті ұсыну сапасы бойынша қанағаттанбаған жағдайда КББ бастығының, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Көліктік бақылау комитеті төрағасының, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі басшылығының атына шағым беріледі.

Даулы мәселелер азаматтық сот жүргізу тәртібімен шешіледі.

22. Шағым мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік орган басшылығының атына заңнамада белгіленген тәртіппен, сондай-ақ осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес электрондық адреске беріледі.

23. Қабылданған шағым жеке (заңды) тұлғалардың өтініштерін есепке алу журналында тіркеледі. Шағым заңнамада белгіленген мерзімде қаралады.

Өтінішті қарау нәтижелері туралы өтінушіге жазба түрде пошта не электрондық пошта арқылы хабарланады.

## 6. Байланыс жасау ақпараты

24. Ұсынылатын мемлекеттік қызметке жауапты КББ басшыларының мекен-жайлары осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген.

25. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Көліктік бақылау комитетінің мекен-жайы: 010000, Астана қ. Қабанбай батыр даңғылы 47, электрондық поштасының адресі: ktk@mtc.gov.kz, қабылдау бөлмесінің телефоны: (7172) 24-27-08.

"Темір жол жылжымалы құрам кепілін тіркеу" мемлекеттік қызметін көрсету стандартына

1-қосымша

## Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Көліктік бақылау комитетінің облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша аумақтық органдарының тізбесі

| N р/с | Бөлімшелердің атауы | Толық заңды мекен-жайы | Байланыс телефоны, электрондық почтасының адресі |
|---|---|---|---|
| 1. | "Ақмола облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Көкшетау қ., Абай к-сі, 87 | 8-(7162) 25-69-93 ktk_akm@mtc.gov.kz |
| 2. | "Ақтөбе облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Ақтөбе қ., 312 атқыштар дивизиясы даңғылы, 5А | 8-(7132) 54-29-03 ktk_aktb@mtc.gov.kz |
| 3. | "Алматы облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Талдықорған қ., Шевченко к-сі, 131 | 8-(7282) 24-55-01 ktk_alm@mtc.gov.kz |
| 4. | "Атырау облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Атырау қ., Привокзальный 5 шағын ауданы, 17 үй | 8-(7122) 26-16-33 ktk_atr@mtc.gov.kz |
| 5. | "Шығыс Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау басқармасы" мемле-кеттік мекемесі | Өскемен қ., Крылова к-сі, 114 | 8-(7232) 24-14-75 ktk_vko@mtc.gov.kz |
| 6. | "Жамбыл облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Тараз қ., К.Жалаири к-сі, 1 | 8-(7262) 34-21-41 ktk_jamb@mtc.gov.kz |
| 7. | "Батыс Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау басқармасы" мемле-кеттік мекемесі | Орал қ., Евразия даңғылы, 100 | 8-(7112) 51-35-86 ktk_zko@mtc.gov.kz |
| 8. | "Қарағанды облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Қарағанды қ., Гапеева к-сі, 5 | 8-(7212) 77-22-40 ktk_kar@mtc.gov.kz |
| 9. | "Қызылорда облысы бойынша көліктік бақылау басқарма- | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | сы" мемлекеттік мекемесі | Қызылорда қ., Әуезов к-сі, 24 А | 8-(7242) 27-68-26 ktk_kzl@mtc.gov.kz |
| 10. | "Қостанай облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Қостанай қ., Чехова к-сі,105 А | 8-(7142)53-90-14 ktk_kost@mtc.gov.kz |
| 11. | "Маңғыстау облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Ақтау қ., 3б шағын ауданы | 8-(7292) 50-66-12 ktk_mang@mtc.gov.kz |
| 12. | "Павлодар облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Павлодар қ., Бектұров к-сі,107 | 8-(7182)32-06-39 ktk_pavl@mtc.gov.kz |
| 13. | "Солтүстік Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Петропавловск қ., Бейбітшілік к-сі, 122 | 8-(7152) 46-44-07 ktk_sko@mtc.gov.kz |
| 14. | "Оңтүстік Қазақс-тан облысы бойынша көліктік бақылау басқармасы" мемле-кеттік мекемесі | Шымкент қ., Молдағұлова к-сі, нөмірсіз | 8-(7252) 56-08-94 ktk_uko@mtc.gov.kz |
| 15. | "Астана қаласы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Астана қ., Угольная к-сі, 28 | 8-(7172) 31-03-29 ktk_ast@mtc.gov.kz |
| 16. | "Алматы қаласы бойынша көліктік бақылау басқарма-сы" мемлекеттік мекемесі | Алматы қ., Өтеген батыр к-сі, 11 | 8-(7272) 76-93-71 ktk_galm@mtc.gov.kz |

"Темір жол жылжымалы құрам кепілін тіркеу" мемлекеттік қызметін көрсету стандартына

2-қосымша

## Сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің мәні

| Сапа және қол жетімділік көрсеткіштері | Көрсеткіш-тің норма-тивтік мәні | Көрсеткіш-тің келесі жылдағы нысаналы мәні | Көрсеткіш-тің есепті жылдағы ағымдағы мәні |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **1. Уақтылығы** | | | |
| 1.1. құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну оқиғаларының % (үлесі) | 100 | 100 | 100 |
| 1.2. қызмет алуды кезекте 40 минуттан аспайтын уақыт күткен тұтынушылардың % (үлесі) | 100 | 100 | 100 |
| **2. Сапасы** | | | |
| 2.1. қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың %(үлесі) | 100 | 100 | 100 |
| 2.2. құжаттарды лауазымды тұлға дұрыс ресімдеген жағдайдың (жүргізілген төлемдер, есеп айырысу-лар және т.б.) %(үлесі) | 100 | 100 | 100 |
| **3. Қол жетімділік** | | | |
| 3.1. қызметті ұсыну тәртібі туралы сапаға және ақпаратқа қанағат-танған тұтынушылардың % (үлесі) | 100 | 100 | 100 |
| 3.2. тұтынушы құжаттар-ды дұрыс толтырған және бірінші реттен тапсыр-ған оқиғалардың % (үлесі) | 100 | 100 | 100 |
| 3.3. Интернет арқылы қол жетімді ақпарат қызметтерінің % (үлесі) | 0 | 0 | 0 |
| **4. Шағымдану үдерісі** | | | |
| 4.1. қызметтің осы түрі бойынша қызмет көрсетілген тұтынушы-лардың жалпы санына негізделген шағымдардың % (үлесі) | 0 | 0 | 0 |
| 4.2. белгіленген мерзімде қаралған және қанағаттандырылған негізделген шағымдардың % (үлесі) | 0 | 0 | 0 |
| 4.3. шағымданудың қолданыстағы тәртібіне | 0 | 0 | 0 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| қанағаттанған тұтынушы-лардың % (үлесі) | | | |
| 4.4. шағымдану мерзіміне канағаттанған тұтынушылардың %(үлесі) | 0 | 0 | 0 |
| **5. Сыпайылық** | | | |
| 5.1. қызметкерлердің сыпайылығына қанағат-танған тұтынушылардың % (үлесі) | 100 | 100 | 100 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК